

№ 1 хаттама.

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарасу ауданының білім бөлімінің
Октябрь жалпы білім беретін мектебі" КММ
Қамқоршылық кеңесінің отырыстары
10.09.2024 жылғы**

Күн тәртібі.

1. 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының талдауы.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
3. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік-құқықтық негіздері. Қамқоршылық кеңестің Ережесімен, мектеп Жарғысымен танысу (Мектеп формасы).
4. Әртүрлі.

Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысты:

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Додай.А, әлеуметтік педагог Шакина А.Н, Досымханова Ж.Ж - "Салтанат" балабақшасының тәрбиешісі, Қарашев Н.С - Октябрь ауылының әкімі, Момынғалиева Ж.К ауылдық кітапхана меңгерушісі. Онлайн қатысу: Андрусенко Е.А. - "Суықсу" МКК, экономист, Құрмашева Д.Б. - ауыл әкімдігінің маманы, Мұхаметжанов А. Т. - "Суықсу"МКК басшысы.

Тыңдады:

1. Бірінші мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Айкүміс Додайқызы 2023-2024 оқу жылындағы мектептің оқу-тәрбие жұмысының талдауымен қатысушыларды таныстырды. Ол өткен оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері туралы айтып, көрсетіп берді.
2. Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.К. Момынғалиева Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын қатысушыларға таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітті. Мектептің қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты - оқушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу.
3. Үшінші мәселе бойынша ПС хатшысы, ТЖ жөніндегі директордың орынбасары Айкүміс Додайқызы тыңдалды, ол қатысушыларды қамқоршылық кеңестің нормативтік-құқықтық базасымен таныстырды. Қамқоршылық кеңес ережесі туралы еске салды және мектеп Жарғысымен таныстырды (мектеп формасы). Сондай-ақ, тоқсанына бір рет қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірге мектеп формасы бойынша мониторинг жүргізуді ұсынды.

Шешім: Барлық мәселелер бойынша ақпаратты назарға алу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Момынғалиева Ж. К.

ҚК мүшелері: Карашев Н.С.

Андрусенко Е.А.

Досымханова Ж.Ж.

Курмашева Д.Б.

Сайт

Уразалимова А.Ж.

Ур

Мухаметжанов А.Т.

Мух